

Қызылорда облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 225 қаулысы.
Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 29 желтоқсанда № 8481-11 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес
Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қызылорда облысы әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2022 жылғы 20 қыркүйектегі № 636 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29766 болып тіркелген);

2) "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2022 жылғы 20 қыркүйектегі № 636 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 10 сәуірдегі № 63 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8385-11 болып тіркелген).

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Н. Налибаев